Түркістан облысы

Сайрам ауданы адами әлеуетті дамыту бөлімі

«Қазына» бөбекжайы

«Жұлдызша» мектепалды даярлық тобы

# ЕРТЕҢГІЛІК

## Тақырыбы: «Тәуелсіз ел – Қазақстан!»



Тәрбиешілер:Сатимова А.

Манибаева А.

2022-2023 оқу жылы

# Тақырыбы: «Тәуелсіз ел-Қазақстан!»

Жүргізуші: Құрметті ата-аналар, балабақша бүлдіршіндері, бүгін еліміздің сан мыңдаған жылдар бойы армандаған, сол жылда дүр сілкіндірген Желтоқсан оқиғасымен келген, тарихымызда алтын әріптермен жазылып қалатын «Тәуелсіздік күні» мерекесіне арналған «Тәуелсіз ел-Қазақстан» атты ертеңгілігімізді назарларыңызға ұсынамыз.

Залдың іші мерекеге сай безендірілген. Қазақтың ұлттық киімін киген балалар қолдарына жалауша ұстап музыка ырғағымен залға билеп кіреді.

**Қазақстан Республикасының Мемілекеттік Әнұраны орындалады.**

**Аяла:** Егеменді елдің біздер.
Ұланымыз жас қанат,
Апайларға сәлеміміз,
Құтықтаудан бастаймыз.

**Самир:** Көк аспанда көкпеңбек
Қазақстан жалауы,
Көк емес ол тектен тек.
Елдің ашық қабағы.

**Айдар:** Тәуелсіздік еліміз.
Мәңгі жасар жеріміз,
Тәуелсіздік жасаған,
Аға, әпкелеріміз.

**Махля:** Қазақтың жері кең байтақ.
Бабамның берген еншісі,
Желбірей бер көк байрақ.
Отанымның белгісі.

**Ән: «Біз бақытты баламыз»**

**Ағзам:** Біз бақтты баламыз,

Тәуелсіз елдің ұланы,

Мәңгі жасап, гүлденеміз.

Ұлы елдің қыраны.

**Мерей:** Отан менің жүрегім.

Отан менің тірегім,

Отан сенің саяңда

Бақыт құшып жүремін.

**Мұстафа:** Тәуелсіздік-бабам берген аманат

Тәуелсіздік келешектің кепілі,

Тәуелсіздік жүрмін сені бағалап,

Тәуелсіздік өткен күннің өтілі.

**Бекнұр:** Көк аспандай көгілдір.

Қазақстан байрағы,

Нұрын күндей төгіп тұр,

Жылдарымыз жайдары

**Жүргізуші:** Көйлектері тал бойына жарасқан,

Сымбаттары Ай мен Күнге таласқан

Бүлдіршіндер ортада би билейді

Қимылы мен әуені үйлес тапқан.

**Би: «Туған өлкем»**

**Жүргізуші:** Егеменді ел бақыты ертеңгі,
О, халайық Құтты болсын қуаныш!

**Ахрарбек:** Намысты бермей қолынан.
Күрескен оның жолында,
Елім деп кеткен ерлерім,
Еркіндікті сендер әперген.

**Жандәулет:** Отан-анаң аяулы,
Отан-әкең ақылшың.
Отан-асыл арманың,
Аялаған өз елін.

**Мариям:** Ызғарлы қыс-тоқсан күн,
Желтоқсан деп аталған.
Желтоқсанда жастарым,
Тәңірінен бата ал.

**Ахрарбек :** Он алтыншы желтоқсан,
Тәуелсіздік алған күн,
Мерекеге ел тосқан
Атамменен барғанмын.

**Көрініс**

**Би:** «Көкке өрле»

**Исламхан:** Жыр арнадым еліме тебірене,
Үміт артам елімнің ертеңіне
Тәуелсіздік алғалы көп жыл болып
Отаным жылдан жылға көркеюде.

**Айым:** Тәуелсіздік еліміз,

Мәңгі жасар жеріміз.

Тәуелсіздік жасаған,

Аға, әпкелеріміз.

**Мансия:** Қазақстан менің Отаным,

Атыңды әнге қосамын.

Шарықтап өсіп,дами бер,

Біліміммен үлес қосамын.

**Жүргізуші:** Туған халқымыздың тарихын, батыр ұл-қыздарымыздың ерлігін, жеріміздің байтақтығын, байлығын ақын ағаларымыз жырлап келеді. Сол жырларды жаттап, көкейге түйіп, елімізге лайықты азамат болып өсуге міндеттіміз, басқаша болуға біздің құқығымыз жоқ, бүгінгі бақытты күніміз үшін қаншама ерлер тер төкті, жанын қиды. Сол батырларымыздың армандаған ұрпағы біздің білімді, дені сау Отанымыздың лайықты ұл-қызы болып өсу қажет. Апа-ағаларымыздың қайталанбас ерлігіне тағзым етеміз. Осымен құрметті қонақтар «Тәуелсіз ел-Қазақстан» атта ертеңгілігіміз аяқталды.

Әдіскері:



***«Тәуелсіз ел - Қазақстан» ертеңгілігінде***
***«Жұлдызша» мектепалды даярлық тобы***





*Ертеңгілік*

*Тәуелсіз ел – Қазақстан.*

